

**Шанды ауылының аумағында белгіленген шектеу іс-шараларын тоқтату және Павлодар ауданы Кеменгер ауылдық округі әкімінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Павлодар облысы Павлодар ауданы Кеменгер ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 3 желтоқсандағы № 1-03-4 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 7 желтоқсанда № 25585 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Павлодар ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 25 қазандағы № 2-36/360 ұсынысы негізінде, ШЕШТІМ:

1. Ірі қара малдың бруцеллез ауруын жою бойынша кешенді ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізуге байланысты Павлодар ауданы Кеменгер ауылдық округінің Шанды ауылының аумағында белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Павлодар ауданы Кеменгер ауылдық округі әкімінің келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

Павлодар ауданы Кеменгер ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 маусымдағы " Павлодар ауданы Кеменгер ауылдық округінің Шанды ауылының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03-1 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23179 болып тіркелген);

Павлодар ауданы Кеменгер ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 22 қазандағы " Павлодар ауданы Кеменгер ауылдық округінің Шанды ауылы және Красноармейка станциясының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03-1 шешіміне өзгерістер енгізу және Красноармейка станциясының аумағында белгіленген шектеу іс-шараларын алып тастау туралы" № 1-03-3 шешімі (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24943 болып тіркелген).

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК